

Нұр-Сұлтан қаласы аумағында карантиндік арамшөп арам сояулармен зақымданған алқаптар көлемінде карантин режимінің күшін жою және "Нұр-Сұлтан қаласының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақтарды белгілеу туралы" Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № 505-2632 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 6 сәуірдегі № 505-1014 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 сәуірде № 27561 болып тіркелді

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 02-12/134 ұсынымына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы аумағында карантиндік арамшөп арам сояулармен зақымданған алқаптар көлемінде келесі жер телімдерінде карантин режимінің күші жойылсын:

- 1) Қабанбай батыр даңғылы, № 9/2 ("Премьера – 3" тұрғын үй кешені);
- 2) теміржолдар (Железнодорожный тұрғын алабы), 22-жолдағы табельдік будка;
- 3) теміржолдар (Нұр-Сұлтан қаласының теміржол вокзалы), M212 белгісі, 10-аудан.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақтарды белгілеу туралы" Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № 505-2632 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23868 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

А. Кульгинов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 6 сәуірдегі
№ 505-1014 қаулысына
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2021 жылғы 4 тамыздағы
№ 505-2632 қаулысына
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында карантиндік режим енгізілген карантиндік аймақтар

№	Карантиндік аймақтардың орналасқан жері	Зақымданған алқап, гектар
Жатаған у кекіре		
1.	Теміржолдар (Нұр-Сұлтан қаласының теміржол вокзалы), М212 белгісі, 10-аудан	0,002
2.	Теміржолдар (Железнодорожный тұрғын алабы), 5-пикет, 2-жұп жолдың 501 километрі	0,003
Жатаған у кекіре бойынша барлығы		0,005
Арам сояулар		
3.	Жазушылар шағынгүлбағы ("Ақсу" қонақ үйі ауданы)	0,0014
4.	Қазақстан халқы Ассамблеясының бейбітшілік және келісім саяжолы	0,001
5.	Теміржолдар (Өндіріс тұрғын алабы), 8-пикет, 39-разъездге қарай 887-888 километр	0,005
6.	Теміржолдар (Нұр-Сұлтан қаласының теміржол вокзалы), 9-вагон депосы	0,5
7.	Райымбек батыр және Қ. Бекхожин көшелерінің қиылысы	0,001
8.	Теміржолдар ("Сороковая" бекеті, "Азия Ойл" жанар май құю станциясына жақын)	0,001
Арам сояулар бойынша барлығы		0,5094

